

Грузияның мемлекеттік тіл туралы заңын мамандар аса жоғары бағалайды.

жан-жақты зерттейді, талқылайды. Содан қорытынды пікірлерін арнайы отырыста ортаға салады. Қалған пар-

алғашқы мақаласында Ахмет Байтұрсынұлы газеттің «жұртқа қызмет ететінін, жұрттың білімді, пікірлі, көр-

Мұстафа Шоқай ғылыми орталығының ғылыми жетекшісі

Бұл мақалада өзімнің мамандығым – шығыстану саласы туралы егжей-тегжейлі баяндап бергім келеді. Мамандықты таңдауымның себебі туралы айтар болсақ, Жапонияның аталмыш «жұмсақ күші» (soft power) жөнінде сөз қозғаған жөн болар. Қазіргі ақпараттық революция заманында әлемдік аренада «жұмсақ күш» саясатының маңыздылығы арта түскені ақиқат. Басқаша айтқанда, «жұмсақ күш» идеясының басты мазмұны елдің тілі мен мәдениетін ғаламдық кеңістікте насихаттау арқылы дүниежүзілік саясатқа тікелей немесе жанама әсер етуі, мемлекеттің халықаралық деңгейде өз беделін арттыруы дегенге саяды. Бұл саясаттың мысалы ретінде қазіргі кезде жастардың сүйіп қарайтын «аниме», «дорама», «манга» сияқты әлемде кең таралған жапон мәдениетінің өнімдерін әбден келтіруге болады. Мектепте оқыл жүрген шағымда, бірінші рет жапон анимесін көргеннен бастап-ақ менде куншыгыс еліне деген, әсіресе, оның тіліне деген ерекше ықылас пен сүйіспеншілік пайда болды. Мен әрдайым анимзны субтитрлерді қосып, төл жапон тілінде көретін едім. Оны қараған сайын жапон тілінің ерекше құлаққа жағымды, әсерлі де әуезді үніне тамсанып, оны тыңдай бергім келетін. Осы тілде сөйлеп үйренгім келді. Сөйтіп, осы бағыт бойынша мамандық таңдап, жапон тілін меңгеруге бел байладым.

Жапон тілімен сырттай болса да таныс болғандықтан, бастапқыда берілген тілді игеру мен үшін аса қиындық туғыза қойған жоқ. Алайда, қазіргі кезде 2-курста оқыл жүріп, мен жапон тілінің оқыған сайын күрделеніп бара

Мен еліміздің ең жасыл қалаларының бірі болып табылатын Орал қаласында туып өстім. Орал жасыл қала атағына ие болып қана қоймай, өзінің бай тарихымен де атақты. Қаланың тарихы мен табиғатынан бөлек, оның тыныш әрі жайлы өмірін ұнатамын. Алайда, бір жарым жыл бұрын көпшілік жастар секілді жоғары білім алу мақсатында еліміздің екінші астанасы атанған Алматы қаласына келдім. Сөйтіп, 2021 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шығыстану факультетіне оқуға түсіп, жапон тілін үйрене бастадым.

жатқандығын байқадым. Екі мыңнан астам иероглифті меңгеріп жаттауды талап ететін жапон тілі секілді күрделі тілді үйрену табандылық пен күш-жігерді қажет ететінін нақты айта аламын. Дегенмен, түрлі қиындықтарға қарамастан, мен бар күшімді салып, оқуымды тынбастан жалғастырып келемін. «Білім – инемен құдық қазғандай» демекші, тіл үйрену де термен, еңбекпен келетін шаруа.

Жалпы, куншыгыс елінің ұлттық тілін үйренген сәттен бастап-ақ менің өмірімде жағымды өзгерістер орын алды. Нақтырақ айтқанда, өзім сияқты жапон тілі мен мәдениетіне қызығушылық танытатын жаңа достар таптым. Сондай-ақ, жапон тілін үйрену менің ой-өрісімнің кеңейіп, ойлау қабілетімнің жетілуіне оң әсерін тигізді

жатыр. Өйткені, ғалымдардың пікірінше, жапон тілін меңгеріп, иероглифтерді жазып жаттаудың нәтижесінде адамның зейіні, есте сақтау және ассоциативті ойлау қабілеттері дамиды. Үшіншіден, шығыстанушы мамандығын таңдаудың нәтижесінде мен Қазақстанда әлі толық зерттелмеген тың сала болып есептелетін жапонтану бағытын игеріп, республикамызда сирек кездесетін әрі сұранысқа ие кәсіп түрін игеруге мүмкіндік алдым. Сөйлеп келгенде, елімізде батыс тілдерін ғана емес, шығыс тілдерін білудің де талассыз артықшылығы көп екеніне көз жеткіздім.

Менің өмірлік мақсатым – өз ісінің нағыз майталманы, білікті де білімді жапонтанушы маман болу.

Еліміздің Жапонияның даму жолынан алар сабағы көп, сондықтан Қазақстан мен Жапонияның арасындағы қарым-қатынастардың әрі қарай нығаюы үшін еңбек еткім келеді.

Куншыгыс елінің даму жолы сара. Жапон халқы өзінің ұлттық-мәдени болмысын сақтай отырып, әлемнің ең мықты алдыңғы қатарлы елдерінің қатарына қосылды. Жапонияның өзінің осындай дара жолын қалыптастыруының басты себептерінің бірі ретінде арқашан да «шығыстық – мораль, батыстық – техника» деген қағиданы қатаң ұстануында деп айтсақ қателеспейміз. Біз де Жапония тәжірибесін меңгеріп, оның кейбір тұсын өз мемлекетімізде қолдансақ, Қазақстанның ғаламдық кеңістікте маңызды орын алатын озық әрі дамыған елдердің біріне айналатындығына сенім мол.

Қорыта келгенде, «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан» деп Абай ағамыз айтқандай, мен өзімнің айналысым келетін сүйікті кәсібімді таптым және отандық жапонтану саласында қызмет ету арқылы келешекте туған жеріміздің жарқын болашағын қалауға барымды салғым келеді.

Габдуллина Лейла АМАНЖОЛҚЫЗЫ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Қиыр Шығыс кафедрасының студенті

Тазабекова Гүлмира БИМУХАНҚЫЗЫ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Қиыр Шығыс кафедрасының аға оқытушысы

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

БЫЛТЫР ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚША АУДАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНҒА ШЕТЕЛДЕН 678,4 МЛРД ТЕҢГЕ ТҮСКЕН, СОНЫҢ 50%-ДАН АСТАМЫ РЕСЕЙДЕН АУДАРЫЛҒАН

ӘЛЕУМЕТ

7

www.qazaq1913.com

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП»
ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ ҚАНДАЙ
МӘСЕЛЕНІ ШЕШЕДІ?

PERKINS SCHOOL ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ